

## **«Құралай» балабақшасы**

### **ӨНДІРІСТІК - ӘКІМШІЛІК ЖИНАЛЫСТЫҢ ХАТТАМАСЫ №2**

**Күні:** 14.11.2022ж

**Қатысты:** балабақша қызметкерлері

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- ✓ 1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы;
- ✓ Тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»;
- ✓ 25 қазан - Республика күніне арналған бағдарлама жоспарымен танысу, бекіту;
- ✓ Жаңа жыл мерекесіне арналған бағдарлама жоспарымен танысу, бекіту.

#### **Тындалды:**

**Бірінші мәселе бойынша,** балабақша басшысы Баймөлдина К.К. өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

**Екінші мәселе бойынша,** басшысы Баймөлдина К.К. «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету.

«Балдаурен» ортаңғы, «Қарлығаш» ересек, МАД топтарын тексеру бойынша күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді. Тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда өрсекел бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екенінс тоқталды. Дегенмен, үйқы мен серуен кезінде анықталған кемшіліктерге тоқталды. Үйқыдан тұрғызу кешіктірілгенін, кіші топтарда ерте үйыктап қалатын балалар болғанын, үйқыдан біртіндеп тұрғызыуда ортаңғы топта кеш ояту жағдайы анықталғанын айттып, балалармен үйқыашар жаттығулар мен гигиеналық процедуralардың талапқа сай жүргізілу керектігін ескертті. Тәрбиешілер толық келісті.

**Үшінші мәселе бойынша,** 25 қазан - Республика күніне арналған бағдарлама таныстырылды. Бағдарлама балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту, елін, жерін сүюгө, Оғанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеуге бағытталғанын айтты. Сонымен қатар, туған елге

деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сую екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті. Тәрбиешілер толық келісім берді.

**Үшінші мәселе бойынша,** Жаңа жыл мерекесіне арналған бағдарлама таныстырылды. Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай тандалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға силық силау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тәрбиешілер ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу вариантарын ұсынды. Басшы материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгіліктің уақыты нақтыланып, басшы толық келісім берді.

**Шешімі:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Күн тәртібінің орындалуын тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін. Анықталған ескертулер түзетілсін, орындалсын.  
Жауапты: тәрбиешілер.
3. 25 казан - Республика күніне бағдарлама жоспары бекітілсін.
4. Жаңа жыл мерекесіне арналған бағдарлама жоспары бекітілсін.

Басшы:



----- Баймодина К.К.

Хатшы:

----- Уалиева Д.Т.